


«Бекітемін»



№1 «Еркетай» Алға бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі

Ш.С.Таженова

31 08 2022

**«Ақ желкен» арнайы тобының балаларына
арналған жеке түзете-дамыту жұмысының жоспары**

**Алға қаласы
2022 жыл**

Түсінік хат

Қазіргі уақытта ортамызда болып жатқан әлеуметтік жанұя мәселелері, экологиялық-экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, психикалық аурулары бар, кемтар болып туылатын нәрестелердің саны жыл сайын өсіп отыр. Мектепке дейінгі ұйымдарда ондай балалар аз емес. Балабақшада және үйде де ондай балалар жеке ықпал жасауды қажет етеді. Ол үшін баланың психологиялық қажеттіліктерін, оқу үлгерімін зерттеп, психологиялық түзеу жұмыстарын ұйымдастыру керек. . Психикалық даму тежелуі бар балалардың құрамына қарай көптеген түрлері болады. Олардың бір бөлігінде орталық жүйке жүйесі аса қатты бұзылмаса, кейбірінде функционалдық жетілмеушілік байқалады. Сондай-ақ, ағзаның әлсіреуі, созылмалы аурулардың әсері психикалық-жүйке жүйесіне әсер ететіні сөзсіз, қолайсыз әлеуметтік шарттар мен психикалық соққыға әкелетін жағдайлар баланың психикалық дамуын тежейтін жағдайлардың тағы бір себебі.

Психикалық дамуының тежелуінің негізгі бұзылыстары интеллектуалды деңгейі көбіне таным процестері: зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеністікті бағдарлауы төмен болып келеді. Қазіргі таңда адамзат ғылым мен білімді игеруде психология ғылымынсыз өркениеттің өріне еркін қол жеткізе алмайды. Өйткені психология барлық салаларда қамтылады. Осыған орай әр психологтың алдында тұрған мәселе қазіргі кездегі балалардың дамуындағы бұзылыс түрлерінің жиі кездесетін барлығымызға мәлім.

Соңғы уақытта балаларды ерте жастан сараптау-түзету жұмыстарына байланысты мәселелер ғалымдар тарапынан да, іс-тәжірибелермен де көп қозғалуда. Шын мәнісінде, мектеп жасына дейінгі балаларда кездесетін білім алу мәселесі немесе мінез-құлыққа байланысты туындайтын қиыншылықтардың түп-тамыры сәбидің ана жатырындағы дамуы кезеңінен бастау алатыны сөзсіз. Осы қиындықтарды ерте сараптама жасап, анықтау оны түзетуге көп көмегін тигізеді. Толық қамтамасыз етілген жағдайда өмір сүріп жатқан әр жас кезеңіндегі баланы келесі жас аралық кезеңге дайындау-ол психологиялық жана білім алуға қажетті мүмкіндікті қалыптастырады.

Бағдарламаның теориялық негізі ретінде психологияның мамандары Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, А.В. Запорожец, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.И. Лубовской К.С. Лебединская, А. Кушербаев Г. Кальпебаева және басқада ғалымдардың психикалық дамудың негізгі заңдылықтары мен жалпы ережелері туралы, жас ерекшеліктеріне байланысты түзету-дамыту жұмыстары, оқыту мен дамытудың қатынастары және мектеп жасына дейінгі балалық шақтың маңыздылығы туралы еңбектері негізге алынды.

Бағдарламаның мақсаты: психикалық даму тежелуі бар балалармен (3-9 жас) дамыту-түзету жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру және келешекте баланың толық дамыған тұлға болып қалыптасуы мен әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Баланың психикалық іс-әрекеттерін дамыту;
- Түзету-дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- Әр баланың жеке тұлға қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;
- Баланың даму кезеңіндегі ағарту жұмыстарын жүргізу.

Бағдарламаның жүзеге асырылу шарттары Психикалық даму тежелуі бар балалардың мінез-құлықтарының ерекшеліктері жайында білімділік-біліктілік қабілеті бар, осы топтағы балалармен жұмыстың қазіргі заман талабына сай әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген мамандарының өзара бірлесіп жұмыс жасауы бағдарламаның іс-жүзінде жүзеге асырылуының негізгі шарты болып табылады. Бағдарлама психикалық даму тежелуі бар балалардың жас ерекшеліктері мен спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып құрылды.

Бағдарламаның көлемі: бағдарлама оқу жылы бойынша 34 сабаққа есептелген.

Жұмыс түрі: аптасына 1 рет

Топтық жұмыстың жүргізілу уақыты: Топтағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың ұзақтығы 15 - 20 минут мөлшерінде белгіленуі керек.

Жас мөлшері: 3-9 жас

Бағдарлама құрылымының негіздері:

1. Ағарту, түзету және дамыту тапсырмаларының жүйелі түрде болуы.
2. Түзету мен сараптаманың біржақты болуы.
3. Баланың жас ерекшеліктерін, психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу.
4. Психологиялық әдіс-тәсілдердің жинақты болуы.
5. Тапсырмаларды қиындықтарына байланысты арттырып
6. Материалдардың көлемі мен түрлі деңгейлерін ескеру

Күтілетін нәтиже:

- Үлкендермен, өзінің құрбы-құрдастарымен өзара адекватты қарым-қатынас жасау;
- Ақпараттың танымдық түрлерін қолдану;
- Өзінің іс-тәжірибесінің нәтижесін көре білу;
- Өзінің ой-пікірі мен талап-тілектерін белсенді әрі ашық жеткізу;
- Үлкендермен бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендігін көрсету және үлкендердің көмегін қабылдай білу;

«Ақ желкен» арнайы тобының балаларына арналған жеке түзете-дамыту сабақтарының жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өтілу түрі	Максаты
1	«Шұбар тауық»	2	Жеке	Бейнелі қабылдау (көлем, пішін); Ойлау және бейнелеп суреттеу қабілетін дамыту. Сөйлеу тілін дамыту; Зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту; Жалпы және ұсақ қол моторикасын дамыту; коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру
2	«Әтеш пен бояулар»	2	Жеке	Ертегіні көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту Бірлікке тәрбиелеу. Сөйлеу тілін дамыту; Зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту;
3	«Шалқан»	2	Жеке	Жетекші сұрақтар бере отырып ертегінін желісі бойын-ша әңгімелеуге үйрету. Қоршаған орта туралы білімін кеңейту, қамқорлыққа тәрбиелеу; Балалардың диалогты сөйлей білу қабілеттерін арттыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.
4	«Үй және жабайы жануарлар»	2	Жеке	Бейнелі қабылдау (көлем пішін); ойлау және бейнелеп суреттеу қабілетін дамыту. Сөйлеу тілін (белсенді сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөздердің грамматикалық құрылымы «Жабайы және үй жануарлары» туралы) дамыту. Жалпы және ұсақ қол моторикасын дамыту.
5	«Классификация» (Топтастыру)	2	Жеке	Есту және көру арқылы қабылдауын дамыту; Зейіні және есте сақтау қабілетін дамыту; Сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; жалпы және ұсақ қол моторика дамыту
	«Қолшатыр астындағы пішіндер. Мұнаралар»	2	Жеке	Қабылдау, ойлау, зейінін дамыту. Эмоционалдық сферасын дамыту; коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.
6			Жеке	Көзбен және ұстап сезу арқылы қабылдауын; ойлауын, есте сақтау, зейінін; санау дағдысын дамыту. Айналадағы адамдарға мейірімді болуға тәрбиелеу.
7	«Қатты-жұмсақ»	2	Жеке	Қабылдау қабілетін (түс, көлем, пішін), зейінділігі мен байқағыштығы, көз координациясы, ойлауын.

8	«Ыстық, салқын, жылы»	2		сөйлеуін дамыту. Жалпы және ұсақ қол моторикасын дамыту.
9	«Қайсысы артық?»	2	Жеке	Есту және көру арқылы қабылдауын дамыту; Зейіні және есте сақтау қабілетін дамыту; Сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; жалпы және ұсақ қол моторика дамыту
10	«Ұзын-қысқа, биік-аласа»	2	Жеке	Көру және есту арқылы қабылдауын; Зейінділігі мен бақылағыштығын дамыту. Ерік-жігерін және жағымды мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу
11	«Пішіндер»	2	Жеке	Пішін түрлерімен таныстыру. үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.
12	«Кім ең зейінді?»	2	Жеке	Балалардың зейінін дамыту, тұрақтандыру. Ерік-жігерін және жағымды мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу
13	«Түстер»	2	Жеке	Балаларға түстерді таныстыру, ажыратуға үйрету. Сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; жалпы және ұсақ қол моторика дамыту
14	«Жемістер мен көкөністер »	2	Жеке	Жемістер мен көкөністермен таныстыру, пішінін, түстерін ажырата білуге үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту.
15	«Жыл мезгілдері»	2	Жеке	Балаларды жыл мезгілдерімен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортаға жағымды көзқарас қалыптастыру.
16	«Тәулік бөліктері»	2	Жеке	Балаларды тәулік бөліктерімен таныстыру. Қабылдау, ойлау, зейінін дамыту. Коммуникативтік дағдыларын жетілдіру. Ерік-жігерін және жағымды мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу. Жыл бойы үйренген білім, білік дағдыларын бекіту.
17	Қорытынды сабақ	2	Жеке	Жыл бойы үйренген білім, білік дағдыларын бекіту.